



Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қаңтардағы N 92 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 224 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.04.2016 № 224 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 18-02/1057 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 58-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 8

қ а ң т а р д а ғ ы

N

9 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану ережесі

1. Осы Ереже жеке және заңды тұлғалардың орман қоры туралы ақпаратты пайдалану тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Орман қоры туралы ақпарат өзіне орман шаруашылығы саласындағы

уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар өздерінің функцияларын жүзеге асыруы кезінде алған орман қоры мемлекеттік есебінің, мемлекеттік орман кадастрының, мемлекеттік орман мониторингінің, орман орналастырудың деректерін және өзге де деректерді қамтиды.

3. Орман қоры туралы ақпаратты сақтауды, пайдалануды және оған иелік етуді уәкілетті орган, оның аумақтық органдары және оған ведомстволық бағыныстағы ұйымдар жүзеге асырады.

4. Орман қоры туралы ақпаратты пайдаланушылар: аумақтарды дамытуды жоспарлау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану жөнінде бағдарламалар әзірлеу, орман пайдалану және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану үшін төлемақыны есептеу мәселелері және орман шаруашылығы саласындағы басқа да мәселелер бойынша - мемлекеттік басқару органдары;

жобалау-іздігіру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау үшін бастапқы деректер алу мәселелері бойынша - жобалау, іздігіру, ғылыми-зерттеу ұйымдары;

өзге де жеке және заңды тұлғалар болып табылады.

5. Мемлекеттік құпиялар және өзге де шектеулер қамтылмаған орман қоры туралы мәліметтер жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады әрі мүдделі жеке және заңды тұлғаларға олардың өтінімдері бойынша беріледі.

6. Орман қоры мемлекеттік есебінің, мемлекеттік орман кадастрының, мемлекеттік орман мониторингінің, орман орналастырудың деректерін және орман қоры туралы өзге де деректерді пайдалану қағаз немесе электронды тасымалдағыштарда стандартты түрде ресімделген құжаттармен танысу және (немесе) оларды алу, сондай-ақ байланыстың техникалық телекоммуникациялық құралдарын қолдана отырып, деректер банкіне тікелей рұқсат етілген қолжетімділік нысанында жүзеге асырылады.

7. Орман қоры туралы жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат көбейтілуге жатпайды (бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудан басқа) және:

материалдарды ашық баспасөзде жариялау;
оларды радио мен теледидар арқылы беру;
халықаралық, шетелдік және ашық конференцияларда, кеңестерде, симпозиумдарда жария ету;
кинофильмдерде көрсету;
мұражайларға, көрмелерге, жәрмеңкелерге қою;
жұрт алдында диссертация қорғау;

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де мақсаттар үшін пайдалануы мүмкін.

8. Мемлекеттік құпияға жатқызылған жоспарларда (сызбаларда) бар мәліметтер олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін белгіленген ережелерге сәйкес пайдаланылады.

9. Орман қоры туралы ақпаратты пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК